

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу" салалық жобасын ұйымдастырушылық дамытуға арналған консультациялық техникалық көмек туралы келісім-хатқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 255 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу" салалық жобасын ұйымдастырушылық дамытуға арналған консультациялық техникалық көмек туралы келісім-хаттың жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің төрағасы Анатолий Дмитриевич Рябцевке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу" салалық жобасын ұйымдастырушылық дамытуға арналған консультациялық техникалық көмек туралы келісім-хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ

2003 жылғы 2 қазан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а р ж ы

м и н и с т р і

(Азия Даму

Банкінің басқарушысы)

Е . Д о с а е в

м ы р з а ғ а

Астана қаласы, Жеңіс даңғылы 33, 473000, Қазақстан

**"Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу"
салалық жобасын ұйымдастырушылық дамытуға арналған**

**консультациялық техникалық көмек
(ТК N 24186)**

Құрметті Досаев мырза,

Біз "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу" салалық жобасы шеңберінде 350,000 АҚШ долларынан аспайтын баламалы сомаға Қазақстан Республикасының Үкіметіне (Үкімет) техникалық көмек (техникалық көмек) бөлінуін 2003 жылғы 29 қыркүйекте Азия Даму Банкінің (АДБ) мақұлдағанын сізге хабарлауға қуаныштымыз. Техникалық көмек: Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы 1995 жылғы 5 қазандағы техникалық көмек туралы (i) Негіздемелік келісімге (Негіздемелік келісім); және (ii) 9-қосымшада сипатталған есептің тетігіне және хатқа қоса берілген "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу" салалық жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасына ұсынылып отырған қарыз бен техникалық көмек гранты бойынша Азия Даму Банкі (АДБ) АДБ директорлар кеңесі Президентінің ұсынымына сәйкес қаржыландырылады және жүзеге асырылады. ПЕҰ-ға сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті осы техникалық көмек бойынша атқарушы агенттіктің функциясын о р ы н д а й т ы н б о л а д ы .

Осы техникалық көмек Жапония Үкіметі қаржыландыратын Арнайы жапон қорының қаражатынан гранттық негізде бөлінетін болады.

Егер осы шарттар Сіздер үшін қабылдауға тұрарлық болса, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан осы хаттың екі данасына да, көрсетілген жерге қол қоюыңызды өтінеміз. Бір көшірмесін өзіңізде қалдырыңыз да, ал екінші түпнұсқасын, А Д Б - ғ а ж і б е р і ң і з .

Әлеуметтік сектор басқармасы осы техникалық көмекті іске асыруға байланысты мәселелер үшін жауапты болады, осыған байланысты осы техникалық көмек жөніндегі бүкіл хат-хабарларды менің атыма жіберуіңізді сұраймын.

Қ ұ р м е т п е н ,

Шығыс және Орталық Азия Департаменті
Әлеуметтік сектор басқармасының директоры
Уилиам Фрейзер

Б е к і т і л д і :

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан

А т ы : Р я б ц е в А н а т о л и й

Қызметі: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары жөніндегі комитетінің төрағасы

Уақыты: _____

РҚАО-ның ескертуі: Бұдан әрі ағылшынша мәтінін (қағаздағы нұсқадан қараңыз).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК